

НА ПОЕЗДА, КОТОРЫЕ ОТПРАВЛЯЮТСЯ С 1 ИЮЛЯ ТЕКУЩЕГО ГОДА ПО СОЦИАЛЬНО ЗНАЧИМЫМ СООБЩЕНИЯМ, ПРИМЕНЯЕТСЯ ДИНАМИЧЕСКОЕ ТАРИФНОЕ ЦЕНООБРАЗОВАНИЕ ПО СОГЛАСОВАНИЮ С УПОЛНОМОЧЕННЫМ ГОСОРГАНОМ. ОНО ДАЕТ ПАССАЖИРАМ ВОЗМОЖНОСТЬ ПРИОБРЕТАТЬ БИЛЕТЫ ЗАРАНЕЕ СО СКИДКОЙ ДО 25% ОТ БАЗОВОЙ СТОИМОСТИ. ПРИ ЭТОМ ИХ СТОИМОСТЬ ЗАВИСИТ НЕ ТОЛЬКО ОТ ДАТЫ ПОКУПКИ БИЛЕТОВ, НО И ОТ ЗАПОЛНЯЕМОСТИ ВАГОНОВ ПАССАЖИРАМИ.

Ерлан ЖИМАЙЛОВ,  
и.о. заместитель генерального директора по маркетингу  
и продажам АО «Пассажирские перевозки»



№50 (2765)  
05/07/2022

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

## ПРОЕКТЫ СТУДЕНТОВ – В ДЕЛО

Лучшие проекты студентов Astana IT University были отмечены АО «НК «ҚТЖ». Во время практики они смогли почувствовать себя частью профессиональной команды железнодорожников.



На протяжении месяца студенты Astana IT University проходили производственную практику на базе АО «НК «ҚТЖ».

По окончании практики они презентовали результаты своих работ заместителю председателя правления по стратегии и

цифровизации АО «НК «ҚТЖ» Ануару Ахметжанову, проректору по науке и инновациям Astana IT University Андрею Белошицкому и

приглашенным на встречу представителям IT-компаний.

Было отмечено три проекта: «Система управления перевоза багажа и грузобагажа железнодорожным транспортом, а также их отслеживание»; «Аналитические сведения по количеству проданных электронных проездных документов в разрезе каналов продаж»; «Корпоративный сайт по визуализации взаимодействующих подразделений и департаментов».

Студенты награждены почетными грамотами. А руководство АО «НК «ҚТЖ» и IT-компаний готово предложить им вакантные места.

К слову, студенты отметили, что во время практики были поражены насколько в АО «НК «ҚТЖ» развиты все современные тренды цифровизации транспортно-логистического комплекса.

Их восхитила автоматизированность систем, применяемых в АО «НК «ҚТЖ», переход на бумажные технологии и максимальная прозрачность текущих бизнес-операций компании.

Асель Шайхынова,  
Нур-Сұлтан

Фото Александра ЖАБЧУКА

## ШЕКТЕУЛЕР ЕНГІЗІЛУ МҮМКІН



Елімізде коронавируc індетінің қайтадан өршу қаупі байқалады деп дабыл қағуда санитарлық дәрігерлер. Осыған орай Қазақстан «сары» аймаққа өткен жағдайда енгізілетін жаңа шектеулер тізімі бекітілді.

Елдегі COVID-19 көрсеткіштерінің артуын ескере отырып, Қазақстан аумағында коронавируc инфекциясының таралуына жол бермеу жөніндегі ведомстволық комиссия өңірлер эпидемиологиялық қауіп-қатердің «сары» аймағына көшкен жағдайда қосымша шаралар қабылдамақ.

Денсаулық сақтау министрі Ажар Гиният өз сөзінде елімізде маусымның ортасынан бастап коронавируc инфекциясын жұқтырғандар саны артқанын атап өтті. Мәселен, өткен аптамен салыстырғанда жұқтыру жағдайлары 2,9 есе артқан, науқастардың 80 пайызына жуығы – індетке қарсы екпе алмағандар және соңғы екеден кейін 6 ай өтіп кеткен адамдар.

Сонымен ел өңірлері «сары» аймаққа өтер болса, алдымен науқаспен тығыз қарым-қатынаста болғандарды қашықтан жұмыс істеу форматына көшіреді. Екіншіден, COVID-19-ға қарсы екпе салдыруға болмайтын қызметкерлер мен жүкті әйелдер қашықтан жұмыс істеу форматына ауыстырылады. Үшіншіден, жабық жерлер мен қоғамдық көлікте міндетті түрде маска тағу керек болады. Сонымен қатар 10-нан аса адам қатысатын жиналыстарды онлайн форматта өткізу, оған қоса аймақтың эпидемиологиялық ахуалына қарамастан, әуеде, темір жол көліктері мен халықаралық автобустарда маска тағу ұсынылады.

Ұлан ОРАЗ

## Брифинг

### ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕЛЕР ТҮЙІНІН ТАРҚАТУҒА МҮДДЕЛІ

Орталық коммуникациялар қызметі алаңында «Жолаушыларды темір жол және әуе көлігімен тасымалдау: кешігулер, бағалар және сервис сапасы» тақырыбында баспасөз конференциясы өтті. Facebook және YouTube желілері арқылы тікелей эфирде таратылған жиында БАҚ өкілдерінің сауалдарына ҚР ИИДМ Көлік және Азаматтық авиация комитеттері мен «ҚТЖ» АҚ, жолаушы тасымалымен айналысатын жекеменшік компания өкілдері жауап берді.

Сұлугүл БАКЕСОВА,  
Нур-Сұлтан

Көлік комитеті төрағасының міндетін атқарушы Қасым Тілепов теміржол көлігі арқылы жолаушылар тасымалын ұйымдастыру мәселесіне қатысты ахуалды былай деп сипаттады:

– Бүгінде Қазақстан аумағында 130-дан астам жолаушылар пойызы қызмет көрсетеді. Жылжымалы құрам паркінде 2 мың 600 жолаушы вагоны бар. Вагондардың орташа тозу деңгейі 46 пайызды құрайды. Соңғы 10 жылда 1 мың 100 жаңа вагон, оның ішінде 600-ге жуық «Тұлпар-Тальго» вагоны сатып алынды. Биылғы жылы тағы 73 вагон сатып алынбақ, – деді ведомство өкілі.

Ол сондай-ақ, 900-ден астам вагонның пайдалану мерзімі 30 жылдан



асып кеткенін және мұндай тозығы жеткен вагондар сұраныстың өсуі кезінде, әсіресе, жаз айларында пойыздарға тіркелетінін атап өтті. Бұл түйткілді мәселенің түйінін тарқату үшін

министрлік еуропалық технология бойынша отандық жолаушылар вагоны өндірісін ұйымдастыруға мүдделілік танытып отырғаны белгілі болды.

(Жалғасы 2-бетте)

## БЕРЕГИСЬ ЛОКОМОТИВА



В первом полугодии на участке Астанинской дистанции пути машинисты 14 раз прибегали к экстремному торможению из-за выхода на пути людей и животных. Десять из них – с наездом.

Любовь РОВБА,  
Нур-Сұлтан

В большинстве случаев виновником нештатной ситуации становится оставленный без присмотра домашний скот – 9 случаев с начала года, дважды на пути выскочили дикие животные, трижды – посторонние люди. К счастью, благодаря быстрой реакции локомотивных бригад наездов на людей удалось избежать.

– Несмотря на постоянную профилактическую работу с населением, количество нарушений с их стороны не уменьшается, – говорит и. о. начальника производственного технического отдела Астанинской дистанции пути Темирлан

Достанов. – Если в случаях с дикими животными нарушения безопасности обусловлены стечением обстоятельств, то с домашними они вызваны в первую очередь халатным отношением скотовладельцев. Досадно, что и сами граждане подвергают свою жизнь опасности, пренебрегая правилами поведения вблизи железнодорожного полотна.

В 2021 году машинистами допущено 35 экстренных торможений. С начала этого года – 14.

Из последних – в июне на 792-м километре перегона Нур-Сұлтан – Жайнак машинист поезда № 1253 применил экстренное торможение из-за вышедшего на пути стада баранов. Наезда

избежать не удалось, сбито 22 головы. Хозяину животных выдано предупреждение. Дважды – в апреле и мае – локомотивные бригады поезда № 85 Сарыағаш – Нур-Сұлтан прибегали к экстремному торможению по той же причине – из-за домашнего скота на путях. В обоих случаях – с наездом. С помощью сотрудников линейного отдела полиции хозяева найдены и привлечены к ответственности.

– Сотрудники Астанинской дистанции пути постоянно проводят подворовой обход и беседы с владельцами домашнего скота, раздают памятки, призывают к сознательности, – говорит Темирлан Достанов.

В Астанинской дистанции пути напомним, что выпас скота на неогороженных пастбищах ближе чем за 300 метров разрешается только на привязи, а на расстоянии до 2 000 метров – только под постоянным надзором. Прогон через пути разрешен только на переездах, путепроводах и в специально установленных местах. При этом в темное время суток, при туманах, ливнях и метелях он запрещен даже там.

## РЕМОНТ ПО ПЛАНУ



Эффективное оперирование парком АО «Қазтеміртранс» подразумевает своевременные плановые виды ремонта грузовых вагонов. Это позволяет компании обеспечивать наиболее производительное использование своего парка. За первое полугодие плановыми видами ремонта охвачено более 5 500 грузовых вагонов.

Напомним, АО «Қазтеміртранс» – это крупный оператор грузового вагонного парка РК, имеющий сеть региональных филиалов во всех крупных городах Казахстана. При этом деятельность компании охватывает такие направления, как предоставление в оперирование грузовыми вагонами (полувагоны, крытые, универсальные платформы), передачу в аренду специального подвижного состава. По итогам прошлого года уровень удовлетворенности клиентов составил 83%.

На сегодня общий парк грузовых вагонов собственности АО «Қазтеміртранс» составляет около 42 000 единиц. Это полувагоны, крытые вагоны, платформы, зерновозы, цементовозы и прочие виды вагонов.

За первое полугодие проведены плановые виды ремонта 5 578 грузовых вагонов. В целом в 2022-2023 годах планируется отремонтировать порядка 23 тысяч вагонов.

При этом с 2020 года ремонт грузовых вагонов осуществляется по заключенному долгосрочному контракту с сервисной компанией, которая самостоятельно производит закуп запасных частей.

Алуа ТЛЕУБАЙ, Нур-Сұлтан

ЭКШН-КАМЕРАЛАР АРҚЫЛЫ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСАҒАН БАҚЫЛАУ ЖЕҢІЛДЕГЕН. ҚАУІПСІЗДІК-ТІ БАҚЫЛАУДЫҢ ЦИФРЫ ЖҮЙЕСІ БАРЛЫҚ ЖҮМЫСТЫ БАҚЫЛАУҒА ТИІМДІ, ҚОЛ-ДАНУҒА ДА ЖЕҢІЛ. ЖҮМЫС КЕЗІНДЕГІ АДАМИ ФАКТОРЛАР, АСЫҒЫС ӘРЕКЕТПЕН ЖОЛ БЕРІЛГЕН ҚАТЕЛІКТЕР КАМЕРАДАН ТАЙҒА ТАҢБА БАСҚАНДАЙ КӨРІНІП ТҰРАДЫ.

## САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

БҮГІНГІ ТАҢДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТЕМІР ЖОЛ ЖЕЛІСІ БОЙЫНША

138

БАҒЫТ БОЙЫНША ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛДАНАДЫ

«САМУРЫҚ-ҚАЗЫНА» ҰҒҚ АҚ-НЫҢ ӨНДІРІСТІК КОМПАНИЯЛАРЫНДА СОҢҒЫ ТӨРТ ЖЫЛДА ЖҮМЫС УАҚЫТЫН ЖОҒАЛТАТЫН ЖАРАҚАТ КОЭФФИЦИЕНТІ

24%

ТӨМЕНДЕДІ

ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІНІҢ ПАРНИКТІК ҚАЛДЫҚТАРЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ҮЛЕСІ

0.6

ПАЙЫЗ ДЕҢГЕЙІНДЕ.



## МОБИЛЬДІ ТОП: МОНИТОРИНГ НЕ ДЕЙДІ?

**Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ,**  
Нұр-Сұлтан



Ұлттық компанияда мобильді топтар ресімделмеген жүктер мен билетсіз жолаушыларды анықтауда тұрақты түрде рейдтер өткізімен айналысып келеді. Өткен 4 айда мобильді топтар 1329 пойызды тексеріп, 29 билетсіз адам мен 8180 кг ресімделмеген жүк бағажын анықтаған.

Анықталған кемшіліктер бойынша материалдар кінәлілерге қатысты тәртіптік шара қабылдау үшін «Жолаушылар тасымалы» АҚ мен көліктік бақылау инспекциясына жолданған.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ корпоративтік қауіпсіздік қызметінің бастығы Құрман Елубаевтың айтуынша, пойыздарға рейд жүргізу барысында вагондарға техникалық қызмет көрсету және техникалық жағдайына қатысты талаптардың бұзылуы, сонымен қатар жиналмалы жұмсақ төсек орындардың стандарттарға сай еместігі, жолаушылар пойыздарының тазалығы мен санитарлық-гигиеналық құралдармен қамтылуы тұрғысында кемшіліктер анағұрлым жиі кездеседі.


Негізгі техникалық мәселелер қатарына пойыздарда ауа желдеткіш жүйенің, тоңазытқыштың, қысқа толқынды пештің, ауыз су диспенсерінің, титан электр қыздырғышының жоқтығы немесе дұрыс жұмыс істемейтін жатқызуға болады. Сонымен қатар кемшіліктердің көбі қай өңірге тән деген сұраққа келсек, осы өткен 4 айда ресімделмеген тұлғалар мен жүк бағажын тасымалдау бойынша анағұрлым көп акті «Өңүстік» өңірлік аймақтық бөлімшелері бойынша жасалды, – дейді Қ. Елубаев.

Пойыздарды тексеруге мобильді мониторинг топтарының 23 қызметкері 2-3 адамнан бөлініп шығады. Олар Алматы, Тараз, Атырау, Маңғыстау, Семей, Шымкент, Қызылорда, Ақтөбе облыстары мен «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның өңірлік филиалдарының Орталық телімі бойынша бөлінген.

«Алматы-Атырау» пойызында ресімделмеген бағажын анықталғаны туралы айтсақ, биыл 29 сәуірде Шымкент-Түркістан телімінде «Алматы-2-Атырау» бағытында қатынайтын №41 пойызды тексеру барысында 4 жолаушылар вагоннда жалпы салмағы 884 келі ресімделмеген бағаж анықталған. Бұл факті бойынша біз пойыз бригадаларын жауапкершілікке тарту туралы 4 акті толтырдық, – дейді Қ. Елубаев. «Жолаушылар тасымалы» АҚ басшылығы аталған вагон жолсеріктеріне қатысты ҚР Еңбек кодексіне сәйкес еңбек келісімшартын бұзды.

## ПЕРСПЕКТИВАЛЫ ЖОБАЛАР ІРІКТЕЛЕДІ

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**  
Ақтөбе



«ҚТЖ» ЖШС-нің «Батыс» аймақтық филиалы қызметкерлері арасында рационализаторлық ұсыныстарды қолдау, инновацияны дамытуға арналған тренинг өтті.



Техникалық орталықтың ұйытқы болуымен өткен тренингте рационализаторлық қызметтің негізгі принциптері түсіндірілді. Алдымен рационализаторлық ұсыныс бойынша құжаттаманың дұрыс ресімделуіне назар аудару керектігі айтылды. Ең перспективалы жобаларды іріктеу арқылы теміржол саласына жаңашылдық енгізу, қызметкерлерді ынталандыру жүйесі жолға қойылғаны және бұл жұмыстар алдағы уақытта дами беретіні сөз болды. «Үздік инноватор» байқауын ұйымдастыру және өткізу, техникалық шығармашылықтың құқықтық қорғалуын қамтамасыз ету мәселелері қозғалды. Тренингке модераторлық еткен «Батыс» аймақтық филиалының бас инженері Жасұлан Рысқалиев өнертапқыштарды өндіріске жаңашылдық енгізуде тың идеялар ұсынып, автоматтандыру мен механикаландыру саласында белсенді жұмыс істеуге шақырды.

«Рационализаторлық қызмет бойынша игілік көп. Мақұдданған, қолданысқа енгізілген ұсыныстарға компания тарапынан сыйақы қарастырылған. Бүгінгі күні бізде жоба авторларына 257 мың теңгедей ақша төленді», – деді бас инженер.

Тренингке барлық мекеменің бас инженерлері мен техникалық бөлім қызметкерлері қатысты. Рационализаторлық ұсыныстардың ең алдымен экономикалық тиімділігіне назар аудару жағы сөз болды. Теміржолшыларға жоба жазуда тиісті ақпарат берілу қажеттілігіне көңіл бөлу міндеттелді.

Сонымен қатар, тренингте аудиториямен жұмыс, сұрақ-жауап қамтылып, күнделікті тәжірибеден алынған практикалық тапсырмалар берілді. Инновациялық жобалар жасауға жастарды көбірек тарту жағы қарастырылды.

«Тренингтердің теориялық білімді дамытуға ықпалы зор. Теміржолшыларға жоба жасауда жіберілетін кемшіліктерді болдырмау тәсілдері жан-жақты түсіндіріледі. Инженерлер ғылыми-техникалық орталықтармен бірлесіп отырып, саладағы өріптестеріне рационализаторлық іс-әрекеттер бойынша көмектеседі, – дейді филиалдың ғылыми-техникалық ақпарат орталығының бастығы Гүлжан Оразқұлова.

Суретті түсірген автор

## «КҮТУ ПАРАҒЫНЫҢ» ҚЫЗМЕТІНЕ ЖҮГІНГЕНДЕ...



**Райхан РАХМЕТОВА,**  
Нұр-Сұлтан


Бұл қызметті әзірге қарапайым халық «тани» қоймаған ба, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қанша насихатталса да, оны пайдаланатындар қатары көбеймей тұр. Тіпті өзім де жақында ғана алғаш рет қолданып, «Американы ашқандай» болдым. Бір аптаға билет таппай қысылған танысыма билет алып беріп бұл жүйеге де, өзіме де риза болып қалғаным бар. Сондықтан, көпшілікке осы қызметті таныстырып, пайдалану, билетті рәсімдеу жолын түсіндіріп, «Жолаушы тасымалы» АҚ ұсынып отырған сервистің игілігін көрушілер қатарының артуына ықпал еткіміз келеді.

Сонымен «Күту парағының» көмегін алу үшін сіз тек қана ҚТЖ-ның <https://bilet.railways.kz/> сайтынан жеке логин, парольмен кабинет ашасыз. Сол

Жазға қарай пойызға билет табу қиямет-қайымға айналады. Таныстар тарапынан «теміржолға жақын жүрсің ғой, билет тауып берсеңші...» деген өтініш те көбейеді. Өзіміз де көптен бірге онлайн тапсырыс беретінімізді айтып, сонда да болса көмек қолын созуға ұмтыласың. Бірақ ондай кезде жеке адамдарға қолқа салмай, компанияның билет сату сайтындағы «Күту парағы» жүйесінің көмегіне жүгінемін.

кабинетке кіргенде «Күту парағы» жолағын басып, күту парағына өтінім беру батырмасын басасыз. Одан әрі қайдан қайда, қай күні бағыт алатыныңызды көрсетіп, билет іздейсіз. Сол кезде сіз негізгі сайттан іздегенде жоқ болған билеттер осы жерден табылып қалуы әбден мүмкін. Ал мұнда да жоқ болса, әрі қарай барлық деректеріңізді толтырып, телефон нөміріңізді қалдырасыз да, күтесіз. Яғни, сервистің қызметтің аты айтып тұрғандай, билетін кері өткізетіндер болады, содан босаған және басқа да бос орындар туралы хабарлама келеді. Күту парағына өтінімді билет алатын күннен 7 күн бұрын бере аласыз. Одан арыға өтінім қабылданбайды. Байқағаным, көп жағдайда билеттер осы қызмет арқылы табылып жатады.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ баспасөз қызметінің мәлімдеуінше, биыл өткен 5 айда сайт



арқылы барлығы 8 млн 543 мың 909 электронды билет сатылған. Соның ішінде онлайн билеттердің үлесі 70 пайыз, демек қазір халық вокзалдағы кассаға бармай-ақ үйде, кез-келген жерде отырып-ақ билет алуға дағдыланды. Ал «Күту парағы» қызметін осы аралықта 96777 адам пайдаланыпты. Соның 66 061-нің өтінімі қанағаттан- дырылып, 34 212 адам билет

сатып алған. Демек, бұл қызметті пайдаланушылар қатары аз да болса өскен.

Міне, кез келген жолаушы вокзалдағы танысы, компаниядағы туысына қолқа салмай-ақ, көзі ашық, сауатты адам болса ҚТЖ-ның цифрландыру саласын дамытып, адами факторды азайту мақсатында енгізілген жүйесінің жемісін көруіне әбден болады.

## ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕЛЕР ТҮЙІНІН ТАРҚАТУҒА МҮДДЕЛІ

(Соңы. Басы 1 бетте)

«Бизнесті, атап айтқанда, жолаушылар паркін жаңарту бойынша тасымалдаушыларды қолдау және ынталандыру мақсатында жолаушылар тасымалы субсидиялау, жолаушылар вагондарын сатып алу кезінде сыйақы мөлшерлемелерін беру бойынша шаралар қабылдана- нуда. Сондай-ақ, елордада еуропалық стандарттар бойынша жолаушылар вагондарын өндіруді ұйымдастыру үшін швейцариялық «Штадлер» компаниясын тарту мәселесі пысықталуда. Осы компаниямен бірлесіп 537 жаңа вагон шығару көзделіп отыр», – деді Қасым Тілепов.

Спикердің сөзінен жолаушылар пойыздарына бақылаудың күшейтілгені де мәлім болды. Атап айтқанда, 2022 жылдың алғашқы бес айында 200 жолаушылар пойызына тексеріс жүргізілген. Қорытындысы бойынша 431

рет жолаушыларды тасымалдау қағидаларының талаптары бұзылғаны анықталған. Бүгінгі күнге дейін 31,2 млн теңге көлемінде айыппұл өндірілген.

Отандық темір жол және әуе тасымалдаушы компания өкілдері жол жүру билеттерінің өсуі мен сервис сапасы жайында, сондай-ақ рейстердің келу және жөнелтілу барысында туын- даған мәселелер төңірегінде де түсініктеме берді.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ Басқарма төрағасы Жәнібек Тайжановтың айтуынша, бүгінгі күні еліміздің темір жол желісі арқылы жолаушылар 138 бағытта тасымалданса, оның 104-і «Жолаушылар тасымалы» АҚ еншісінде, 28-і жеке тасымалдаушылар, 6-уы көрші елдердің пойыздары болып отыр.

«Шілде-тамыз айларында қосымша үш жаңа бағдар іске қосылады. Атап айтсақ, Нұр-Сұл-

тан – Шымкент, Нұр-Сұлтан – Қостанай және Нұр-Сұлтан – Алматы. Бастапқы екі бағдар бойынша пойыздар Талығо вагондарынан жасақталатын болады», – деп атап өтті Жәнібек Тайжанов.

Оның айтуынша, «Жолаушылар тасымалы» АҚ қарамағында 2215 вагон бар, оның 670-і Талығо құрамдары, ал қалғаны стандартты ескі үлгідегі вагондар екен. Олардың арасында желдеткіші жоқтары да бар.

«Өпкен жылы біздің тарапымызға айтылған сын-ескертүүлелерді ескере отырып, биыл Алакөл курорттық аймағына қатынайтын пойыздар түгелдей желдеткіші бар вагондардан жасақталды. Быылғы жылы Алакөлге барлығы 11 бағыт бойынша жолаушылар пойыздары қатынауда. Оның 9-ы «Жолаушылар тасымалы» компаниясының, ал екеуі жеке тасымалдаушылар пойызы. Бұдан бөлек биыл ҚР ИИДМ

Көлік комитетімен бірлесіп, алғаш рет Алматы – Достық бағыты бойынша Талығо вагондарымен екі пойыз қатынасы ұйымдастырылды. Сонымен қатар халықаралық сүйестер ашылды. Мәселен, бүгінгі таңда мемлекетаралық 11 бағдар бар, олар Ресейдің Омбы, Самара, Астрахан қалаларына, Өзбекстан және Қырғызстан астаналарына қатынайды», – деп түйіндеді сөзін спикер.

БАҚ өкілдерінің сервис, билет сатылымына қатысты сұрақтарына «Жолаушылар тасымалы» АҚ басшысы жолаушылар пойыздарына қызмет көрсетудің жаңа стандарттары енгізілгенін, оның шеңберінде пойыз жолға шығар алдында, жол үстінде әр төрт сағат сайын тазаланып тұратын және сапардан оралған соң тағы да тазалық жұмыстарынан өтетінін айтты. Ал билет сатылымына қатысты спикер екі жылдан бері «Мобиус» бағдарламасы жұмыс істеп жатқанын және ол билетті алысатарлыққа жол бермейтінін, сондықтан бүгінде бұл мәселе толық шешілгенін мәлімдеді.

## АРҚАНЫ КЕҢГЕ САЛУҒА ӘЛІ ЕРТЕ



**Шахида ЖҰМАН,**  
Маңғыстау

Жол қозғалысына төрт түліктен келетін кері факторлардың алдын алу жұмыстарын жандандырып, күресу жайын жетілдіру қажеттігін алғаш тартқан ревизорлар келтірген фактілерге назар аударсақ, биыл алғашқы жартыжылдықта жиырмага жуық мал жолға шығып кетіп, опат болған. Оның 15-ін жолаушылар пойызы басқан. Жүк пойызына қарағанда жолаушылар пойызының анағұрлым жеңіл боларын ескерсек, бұл алаңдатарлық жағдай. Әсіресе Талығо жүрдек пойызының жолдан шығып кету қаупі жоғары дейді мамандар.

Сондықтан олар Бейнеу ауданына қарасты ауыл-аудандық округ әкімдерінің, теміржолға жақын орналасқан жеке шаруа қожалығы иелері мен құқық қорғау органдары қызметкерлерінің ұсынысын қосып, дөңгелек үстел ұйымдастырды.

– Өткен жылғы есеп бойынша өңір теміржолында 151 шұғыл тежеу беріліп, 100 мал басу жағдайы болды. Сондықтан,



бытырдан биыл тәуір деуге болады. Оған өткен жылы Маңғыстау-Бейнеу станциялары аралығында өткізген осындай жиындардың әсері болмай қалған жоқ. Сол үшін бұл басқосудан да күтеріміз көп, – деген қозғалыс қауіпсіздігі департаментінің Маңғыстау аймақтық жол шаруашылығы ревизоры Б.Жалмұқановтың айтуынша, өткен жылы ел теміржолдарында жылжымалы құрамның адам басып кетуінің 26 жағдайы тіркелген. Көп жағдайда ішімдік кесірі немесе адамдардың суицид жасауы себеп болғаны анықталған. Ал

Маңғыстауда пойыздың мал басу оқиғасы былтырғыға қарағанда әлдеқайда азайған. Десек те арқаны кеңге салуға әлі ерте. Жуырда Бейнеу станциясында бас қосып, кеңейтілген жиын өткізген аймақ ревизорлары осы мәселені талқылады.

жарияланған. Айлық кезінде 14 рет рейд өтіп, адамдар өтетін жерлердегі 13 ескерту аншлаптары мен қауіпсіздік белгілері жаңартылған. Теміржол арқылы жаяу жүргіншілер өткелдерінің бар болуы және жарамдылығы тексерілген.

Сонымен қатар, қараусыз жүрген төрт түлік үшін иесіне салынатын айыппұлды көбейту, малдарды сырғалау, мойнына шағылыстыру белгісін тағу, бақташы жалдау т.т. мәселелер қозғалды.

Жиын қортындысы бойынша тепловоздарға бейнекамера орнату және прожекторларына модернизация жасау туралы басшылыққа ұсыныс беру, мал көп жүретін жерлерге қоршау салу мен жөндеуді келесі жылдың бюджетіне енгізу, Қарақия ауданы әкімшілігі шаруа қожалықтарына жер бөлгенде теміржолдан қашықтан беруі, Бейнеу станциясында теміржолдан өту тәртібі туралы айлық рейд жүргізу, Бейнеу ауданы әкімшілігі темір жол бойында қараусыз жүрген малды уақытша қамайтын жай бөлуі туралы шешім шығарылды.



## МЕДИЦИНА СТАНОВИТСЯ БЛИЖЕ



МЕДПОЕЗД

**С начала курсирования лечебного диагностического поезда «Саламатты Қазақстан» принято более 3500 пациентов. «Поликлиника на колесах» уже побывала на разъезде Екпенды, станциях Байсерке, Алтынколь, Жетыген, Кос-кудук, Малай-Сары и Сары-Озек.**



**Елена КОЛДАСБАЕВА,**  
ст.Айнабулак, Алматинская область

С раннего утра на станции Айнабулак оживленно: железнодорожники с семьями пришли к поезду на консультацию, чтобы получить медицинскую помощь, пройти обследование у специалистов. Сюда приехали и жители близлежащих поселков Таурасы, Копр, Коксу и отдаленных разъездов, где нет фельдшерского пункта и аптеки.

Медицинский поезд – настоящая поликлиника. Здесь есть регистратура, где заполняется карточка на каждого пациента и фиксируются все этапы его обследования, рекомендации и назначения врачей.

Ежедневно специалисты принимают порядка 200 человек. По словам врачей, практически на всех станциях выявлены пациенты с ишемической болезнью сердца, артериальной гипертензией, нарушением ритма сердца, молодым людям нередко ставят диагноз «вегетососудистая дистония».

Очередь у кабинета УЗИ. Здесь полное обследование проводит врач из Павлодара Данияр Ардабаев. По его словам, у многих зафиксированы отклонения в работе печени, почек. Стоит отметить, что оборудование, которым оснащен медицинский поезд, позволяет диагностировать онкологические заболевания даже на ранней стадии.

– Я очень рада, что к нам приезжает

такой поезд здоровья, медицина становится к нам ближе, спасибо за заботу и внимание, – говорит жительница станции Айнабулак Кайшаим Байшапанова.



в профессии. Как отмечает специалист, при обследовании пациентов старшего возраста удается диагностировать катаракту, глаукому. Доктор также рассказывает обратившимся о вреде длительного использования гаджетов, профилактике глазных болезней.

В кабинете ФГДС (фиброгастроудоденоскопия) врач-эндоскопист осматривает с помощью специального прибора верхние отделы желудочно-кишечного тракта (пищевод, полости желудка и двенадцатиперстной кишки). Различным заболеваниям кишечника и желудка подвержены жители станций, где привозная питьевая вода.

– Мы проходим бесплатное обследование, что очень важно для жителей отдаленных станций, у которых нет возможности пройти лечение в городе, – говорит Эльмира Туменова.

Самый большой наплыв пациентов у стоматолога. Специалист из Алматы Султанбек Садиев не только лечит зубы, но и консультирует пациентов.

Специализированное оборудование, имеющаяся мобильная база и персонал, способны обеспечить квалифицированную медицинскую помощь. При необходимости больных направляют для дальнейшего лечения в областные и районные больницы.

В поезде созданы все условия для полноценной и продуктивной работы. Есть конференц-зал, где в особо сложных случаях врачи могут консультироваться со своими коллегами из ведущих республиканских медицинских центров в режиме телемоста.

Завершающим аккордом по южному направлению станет станция Достык, а далее поезд «Саламатты Қазақстан» направится в Восточно-Казахстанскую область.

Фото автора

**В ПОЕЗДЕ СОЗДАНЫ ВСЕ УСЛОВИЯ ДЛЯ ПОЛНОЦЕННОЙ И ПРОДУКТИВНОЙ РАБОТЫ МЕДИЦИНСКОГО ПЕРСОНАЛА. ЕСТЬ КОНФЕРЕНЦ-ЗАЛ, ГДЕ В ОСОБО СЛОЖНЫХ СЛУЧАЯХ ВРАЧИ МОГУТ КОНСУЛЬТИРОВАТЬСЯ СО СВОИМИ КОЛЛЕГАМИ ИЗ ВЕДУЩИХ РЕСПУБЛИКАНСКИХ МЕДИЦИНСКИХ ЦЕНТРОВ В РЕЖИМЕ ТЕЛЕМОСТА.**

В кабинете хирурга проводятся малые операции – удаление вросших ногтей, липом, жировиков.

Чтобы проверить зрение, жители станции идут к офтальмологу из Кокшетау Санену Какпену. У него 35 лет стажа

## ВРЕМЯ МОЛОДЫХ!



ФОРУМ

**На базе отдыха «Голубой залив» в Восточном Казахстане произошло событие, которого так долго ждали! Молодежный форум «Время молодых», инициированный первичными профсоюзными организациями ОО «Казпрофтранс», собрал работников железнодорожных предприятий и их подразделений из Усть-Каменогорска, Риддера, Кумыстау. А там, где молодежь, всегда интересно, зажигательно и креативно!**

**Ольга УШАКОВА,**  
Усть-Каменогорск

В рамках форума железнодорожники смогли не только «прокачать» лидерские качества, организаторские способности, но и умение работать в коллективе, а от этого зависит и индивидуальная трудовая результативность, и эффективность функционирования железной дороги. На мероприятии приехали из Нур-Султана директор департамента организационной и информационной работы ОО «Казпрофтранс» Нурлан Нурпеисов, эксперт департамента организационной и информационной работы, член комиссии по делам молодежи ОО «Казпрофтранс» Асель Ермагамбетова. Впрочем, они стали не только гостями, но и активными участниками кэмпа.

– Мы давно хотели провести это мероприятие, но из-за пандемии его пришлось отложить. И вот этот день настал. Центральный совет нас поддержал в проведении форума с вами, молодежь, чтобы мотивировать вас на новый рост, – отметила представитель Центрального совета ОО «Казпрофтранс» по Защитинскому узлу Айгуль Жайлаубаева.

Нурлан Нурпеисов поблагодарил профкомы и их руководство за организацию такой встречи молодых железнодорожников, напомнив, что в этом году ОО «Казпрофтранс» исполняется 30 лет. Кстати, к юбилею профсоюз проводит много ярких и полезных для развития мероприятий.

Асель Ермагамбетова в свою очередь рассказала, что комиссия по делам молодежи действует по трем направлениям. Во-первых, это работа в самом профсоюзе – проведение форумов, спортивных мероприятий, во-вторых, партнерство с АО «КТЖ» и совместные мероприятия, а в-третьих – международное сотрудничество.

После приветствия и знакомства участники форума приступили к выполнению тестов. Железнодорожники могли сами себя оценить, учились, как реализовать свои мечты и желания, рассказывали по ассоциативным картам, какие качества, по их мнению, должны быть у лидеров, выполняли упражнения на



умение работать в коллективе и выполнять командные задания. А еще психолог-консультант, системный коуч-терапевт Асем Каримова провела для них медитацию – как известно, такие практики позволяют снять напряжение, избавиться от стресса и посторонних мыслей. Гвоздем программы, пожалуй, стал «стул хвостовства»: каждый участник садился на него и рассказывал о своих лучших качествах и заслугах.

Ближе к финалу тренинга участники поделились своими впечатлениями.

– Здорово! Понравилось, как мы разбирали, уверенный ты в себе человек или нет, как общаешься с коллективом. В компаниях в основном я лидер. Но теперь для себя поняла, что мне нужно больше прислушиваться и к другим людям, – говорит Аймира Капезова из Кумыстауской дистанции пути.

Рад участию и электромеханик связи «СпецСервисСурылыс» Влад Апенков.

Несмотря на плотный график, попричастивать молодежь на форум приехали директор Семейского отделения грузовых перевозок Владимир Бабиченко, директор Семейского отделения магистральной сети Айдын Шаукеежанов.

– У нас 42% работающих – это молодежь. 2 776 человек. Это наше будущее, мы это понимаем. Я сам лично, работая в Костанайском отделении, участвовал как минимум в трех молодежных форумах, стал победителем самого первого из них, который проходил в Боровом в 2011 году. Так что это реально работает, – отметил Владимира Бабиченко.

Как отметил Айдын Шаукеежанов, такие

тренинги личного роста с интересом посещают даже люди 60-летнего возраста, потому что это новые знакомства, новые взгляды на жизнь.

На молодежном форуме «Время молодых» работники станции Оскемен-1 и Кумыстауской дистанции пути показали подготовленные ими видеоролики для участия в республиканском конкурсе «ПРОбивной ПРОФсоюз», который объявлен по всему Казахстану.

Все участники форума получили дипломы. Айгуль Жайлаубаева вручила благодарственные письма председателю первичной профсоюзной организации по узлу станции Оскемен-1 Берикхану Тлеужанову, сбору по ВКО газеты «Қазақстан темиржолшысы» Ольге Ушаковой, а также психологу Асем Каримовой.

Конечно же, отметили и самых ярких участников. В номинации «Самый творческий» диплом получил Канатбек Алижан, «Самым оптимистичным» участником стал Надим Орасканов. «Самый ответственный» – Влад Апенков. В номинации «Самый харизматичный» победил Серик Дубербаев, а «Самым изобретательным» признали Ерика Бельгибаева. В номинации «Самый креативный» одержала победу Аймира Капезова, а «Самый активный» участник молодежного форума – это Рустем Талеуханов. Исполняющий обязанности начальника производственно-технического отдела Кумыстауской дистанции пути Георгий Колмаков признан «Самым ярким лидером».

Фото автора

## БЕСПЕЧНОСТЬ – ТРАГЕДИЯ НА ПУТЯХ

**Светлана МОГАЙ,**  
Караганда



БЕЗОПАСНОСТЬ

**Статистика несчастных случаев со смертельным исходом регулярно пополняется из-за несоблюдения пешеходами правил нахождения в зоне повышенной опасности – вблизи железнодорожного полотна.**



К примеру, в поселке Атасу Улытауской области поезд сообщением Караганда – Жезказган насмерть сбил человека. Машинист вынужден был применить экстренное торможение, однако из-за короткого расстояния между составом и человеком столкновения не удалось избежать. В результате мужчина погиб на месте.

С начала года Линейным отделом полиции также была зафиксирована череда смертельных случаев. На участке Караганда-Сортировочная – Кулайгыр в момент приближающегося состава женщина выбежала на железнодорожный путь и была сбита поездом.

Кроме того, на станции Балхаш оказавшемуся на путях мужчине – ремонтнику вагонов поезд пережал ноги. Пострадавший был госпитализирован в Центральную городскую больницу города Балхаша. Обстоятельства ЧП выясняются в ходе досудебного расследования, сообщили в Линейном отделе полиции станции Балхаш.

По словам начальника службы безопасности движения поездов филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП» Сайлау Жаркенова, железная дорога является зоной повышенной опасности, и ничем не оправданная спешка, беспечность, привычка сокращать путь, нежелание пользоваться пешеходными мостами, настилами, а также незнание правил безопасности на железнодорожном транспорте приводят к печальным последствиям.

Согласно статистике, за истекший год по Карагандинскому региону под колесами поездов погибли два человека, от поражения электрическим током пострадали трое, от брызг серной кислоты с верхних люков цистерны – один человек.

Фото автора

## ҚАЖЫМҰРАТ НАҒМАНОВ



2022 жылғы 3 шілдеде Қазақстан Республикасының бұрынғы Көлік және коммуникация министрі, «Қазақстан темір жолы «ҰК» АҚ вице-президенті Қажымұрат Ыбырайұлы Нағманов өмірден өтті.

Қазақстанның көлік саласын дамытуға елеулі үлес қосқан тұлға еңбек жолын 1971 жылы Ленинград институтының «инженер-құрылысшы» мамандығы бойынша бітіріп, жол шебері болып бастаған. Қазақ темір жолының Бас инженері болып тағайындалғанға дейін саладағы барлық қызмет сатыларынан өткен.

Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің Көлік және байланыс бөлімінің нұсқаушысы, КАТЭП атом энергетикасы және өнеркәсібі кәсіпорындарының Қазақ мемлекеттік корпорациясының вице-президенті сынды мемлекеттік жауапты лауазымды қызметтерді атқарды. Жезқазған, Шығыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарын басқарды.

2002 жылы Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрі болып тағайындалды. 2005-2006 жылдары Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі болды.

2006-2008 жылдар аралығында «Қазақстан темір жолы «ҰК» АҚ вице-президенті болып қызмет атқарды. 2014-2020 жылдары Қазақстан Республикасы Автожол қауымдастығын басқарды.

Ерен еңбегі мен жетістіктері үшін Қажымұрат Ыбырайұлы «Парасат» орденімен марапатталған.

Қажымұрат Ыбырайұлы ашық та адал көзқарасы мен азаматтық ұстанымымен ерекшеленіп тұратын жауапкершілігі мол табанды жан ретінде көптің есінде қалды. Қай салада болсын өз ісіне деген жауапкершілігі пен табандылығы арқасында үлкен абырой мен беделге ие болды.

Үлкен жүректі жаны жайсаң азамат, мемлекет қайраткері Қажымұрат Ыбырайұлы Нағмановтың қазасына орай туған-туыстары мен жақындарына шын жүректен көңіл айтамыз. Оның жарқын бейнесі біздің жүрегімізде мәңгі сақталады.

**«Қазақстан темір жолы «ҰК» АҚ басшылығы мен ұжымы және ардагерлер кеңесі**

Центральный Совет ОО «Казпрофтранс» выражает глубокие и искренние соболезнования родным и близким по поводу кончины экс-министра транспорта и коммуникаций РК, бывшего вице-президента АО «НК «Қазақстан темір жолы»

**Нағманова Қажымұрата Ибраевича**



№50 (2765) 05/07/2022

## Детский отдых



### КАНИКУЛЫ С ПОЛЬЗОЙ

Летние каникулы дети железнодорожников проводят в самых живописных уголках Казахстана. В июне благодаря АО «НК «КТЖ» в детские оздоровительные лагеря отправились более 700 ребят.

**Любовь РОББА,**  
Нур-Султан

Организация детского летнего отдыха – одна из гарантий, предоставляемых работникам АО «НК «КТЖ» и его дочерних организаций по Коллективному договору. Львиную долю расходов компания берет на себя, родители оплачивают лишь 10% от стоимости путевки.

Этим летом после двухлетнего перерыва, связанного с пандемией коронавируса, в оздоровительных центрах Восточно-Казахстанской и Костанайской областей, Борового, Туркестана, Алматы, Тараза и Актобе отдохнут 7 080 детей работников компании и ее дочерних организаций в возрасте от 7 до 13 лет включительно.

– Последний раз ребята отправляли в лагерь за счет работодателя в 2019 году. И вот с 24 июня – даты первого заезда в лагерь «Спутник» близ Алматы – мы вновь открыли сезон, – сообщил менеджер департамента социальной политики Ержан Жаналиев.

При распределении путевок приоритет отдают детям производственного персонала из малообеспеченных, многодетных и неполных семей.

В санатории они отправляются в сопровождении сотрудников компании и представителей отраслевого профсоюза. Особое внимание уделяется вопросам безопасности, сбалансированного питания и разнообразного досуга ребятшек – создаются все условия для полноценного и комфортного отдыха. Продолжительность каждого заезда – до 14 дней.

Фото автора

## РИСУЕМ ЖЕЛЕЗНУЮ ДОРОГУ

В Алматинском филиале «Казпрофтранс» подвели итоги детского конкурса рисунков «Патриот безопасности», где было представлено 206 работ из 25 организаций Алматинского региона.



**Елена КОЛДАСБАЕВА,**  
Алматы

Дети изобразили на своих рисунках поезда, убегающий ленточкой за горизонт путь, стрелочные переводы, своих родителей – железнодорожников, переезды, показали нарушителей, которые переходят пути в неположенном месте. Художественная выразительность детских произведений вызвала эмоциональный отклик у всех, кто посетил выставку.

– Экспозиция выставки – результат конкурсного отбора рисунков. Участие дало ребятам возможность продемонстрировать свои работы публике. Это важное событие в жизни каждого ребенка, – отметил заместитель председателя Алматинского филиала профсоюза «Казпрофтранс» Аскар Караманов.

Победителей наградили денежными призами. Так за первое место в возрастной категории до семи лет 30 тысяч тенге вручили Райане Жанзак из Алматы, 25 тысяч тенге за второе место получила Айша Бахыт со станции Алтынколь, денежным призом в 20 тысяч тенге за третье место отметили Амирхана Сейлхан из Уштобе. Награды получили и дети в возрасте от восьми лет и старше. Самым молодым художником признана Айару Кылышбек из Алматы, а в номинации «За волю к победе» отметили Ералы Байтулакова со станции Алтынколь, «За самое реалистичное изображение» – Бексултана Ахметжана из Алматы. Самобытным и профессиональным творением признана работу Аиды Сахарбековой из Алматы.

За активное участие в конкурсе, предоставление наибольшего количества рисунков (24 из 206) отметили и председателя профкома Алтынкольской дистанции пути Гульзат Альмуратқызы.

Конкурс оставил неизгладимые впечатления у детей и взрослых. Произведения юных художников уникальны еще и тем, что в них воплощаются эмоции детской души, открывающей для себя окружающий мир.

Фото автора



## ГИБРАТТЫ ҒҰМЫР КЕШКЕН ЖАН



ТАҒЫМ

Семей жүк тасымалы бөлімшесінде теміржол саласындағы ерен еңбегімен ел есінде қалған тұлғаларға ескерткіш белгі қою үрдісі қалыптасқан. Бұл жолы аймаққа танымал теміржолшы болған даңқты вагон қараушыға ескерткіш белгі қойылды.

**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**  
Семей

Құрметті теміржолшы, «Ленин» және «Еңбек Қызыл Ту» ордендерінің иегері Риза Бахметов ғұмыры гибратқа толы жан болғанын еске алған замандастары жып-жылы естеліктерімен бөлісті.

Жергілікті кәсіподақ ұйымының бастамасымен әрі еңбек ардагері туыстарының ұйытқы болуымен құрметті теміржолшы тұрған үйдің

қабырғасына ескерткіш тақта ілінді. Шараға бөлімше бойынша салалық кәсіподақ ұйымының төрағасы Алик Досанов, ардагер-теміржолшы Мақсұт Көшжанов және марқұмның көзкөрген әріптестері мен туыстары жиналды.

Риза Ахмадиұлының салаға сіңірген зор еңбегі жайлы шәкірттері келелі сөз қозғанды. Әсіресе, аймақтағы вагон шаруашылығын өркендету жолындағы аңызға бергісіз еңбектерін еске алысты.



– Күні кеше баршамызға бағыт сілтеп, ұстаз болған аға буын өкілі Риза ақсақал сынды жандардың есімдері кейінгі буын жадынан өшпеуі тиіс деп санаймыз. Олардың еңбектегі жетістіктері, өз

қызметтеріне адалдықтары бүгінгі жастарға үлгі, – деп пікір білдірді Семей вагон депосы – ВЧД-23 мекемесінің кәсіподақ ұйымы төрағасы Ертай Темірбеков.

Суретті түсірген автор

## «ЖӘРДЕМ» АҚТӨБЕНІ АРАЛАП ЖҮР...



МЕДПОЙЫЗ

Өткен аптада «Жәрдем» медициналық пойызы Ақтөбе облысындағы жұмысын бастады. Бүгінде Байғанин ауданын бітіріп, Шалқардың алыс ауылдарында қабылдау жүріп жатыр.

**Ардан СЕРДАЛЫ,**  
Ақтөбе

Мамандандырылған медициналық пойыздың Ақтөбе облысындағы жұмысы 29 маусымнан басталды. Жылжымалы құрам алдын ала бекітілген кестеге сәйкес Ақтөбе облысының 12 станциясына барады.

«Біздің мақсатымыз еліміздегі сапалы медициналық қызметке қол жеткізе алмай отырған шалғайда жатқан станциялар мен оларға жақын орналасқан елді мекендердің тұрғындарын тегін медициналық тексеруден өткізу. Ақтөбе облысында 21 шілдеге дейін болып, шалғай елді мекен тұрғындарына тегін медициналық қызмет көрсетілетін болады. Естігендер болса хабар таратып, пойыздың



кестесін де көрсетіп, халықты құлақтандыру қажет, өйткені, әр станцияда екі күннен тұрып, әрі қарай жылжып кете береміз», – дейді «Жәрдем» медициналық пойызының бас дәрігері Айнұр Егінбаева.

Пойыз 29-30 маусым Ноғайты станциясында аялдаса, 1-2 шілде

– Қарашоқатта болды, енді 3-4 шілде – Бегімбет, 5-6 шілде – Қотырғас, 7-8 шілде – Бершүгір, 9-10 шілде – Мұғалжар, 11-12 шілде Жұрын, 13-14 шілде – Ақкемер, 15-16 шілде – Әйтеке би, 17-18 шілде – Никельтау, 19-20 шілде – Кемпірсай, 21-22 шілде – Мәртөк станцияларында жұмыс

істейді. Кесте бойынша таңғы 09.00-ден бастап кешкі 18.00-ге дейін медициналық пойыздың мамандары алыс-жақын тұрғындарды түгел қабылдайды.

Айта кетейік, медициналық пойыздар жобасын «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының атынан «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің қатысуымен, «Қазақстан темір жолы» ҰК АҚ жанындағы «Әлеуметтік жобалар қоры» корпоративтік қорымен бірлесіп іске асыруда.

«Жәрдем» медициналық пойызы 23 мамырда Алматы-2 станциясынан Маңғыстауға аттанып, одан кейін Атырау облысына барды. Дәрігерлердің айтуынша, жергілікті тұрғындарда қант диабеті, омыртқаның остеохондрозы, вирустық конъюнктивит, артрит, артроз, бронх демікпесі, гастрит, панкреатит, холецистит, синусит, бронхит сияқты созылмалы аурулар жиі кездескен.

Суретті түсірген автор

## МЫ ЗА ЗОЖ!



СПОРТ

Прошел конкурс «Папа, мама, я – спортивная семья», в котором приняли участие пять команд работников предприятий Уральского филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Батыс» и Актөбинского отделения магистральной сети по Уральскому региону.

**Анна МАРЬИНА,**  
Уральск

– Главная цель – развитие массового спорта и внедрение его в быт железнодорожников, утверждение здорового образа жизни. В состав каждой команды входил папа, мама и ребенок в возрасте от 9 до 12 лет, на железнодорожных предприятиях должен работать хотя бы один из родителей, – пояснил председатель профкома железнодорожников по Уральскому региону Едил Алыпсолов перед началом соревнований.

В качестве организаторов выступили профсоюзные первички совместно с инструктором-организатором ФСК «Локомотив» Бекзатом Гилмановым, спортивным инструктором по Уральскому

региону Болатом Карлибаевым и ветераном спорта Александром Любимовым. Они и вошли в судейскую коллегию.

Семья Кереевых представляла коллектив Уральской дистанции пути (ПЧ), Уральское эксплуатационное локомотивное депо (ТЧЭ) – команда Давлетовых. От Уральской дистанции сигнализации и связи (ШЧ) выступали Рушановы, а Уральское эксплуатационное вагонное депо выставило на соревнование сразу две команды – Турлыбаевых и Мухамедьяровых. К слову, Ержан Мухамедьяров возглавляет коллектив Уральского эксплуатационного вагонного депо и личным примером пропагандирует здоровый образ жизни. Всего было 10 конкурсов: с



волейбольным мячом, дощечками, хоккейными клюшками, теннисными мячами, гимнастическими обручами, мячиками и ракетками для пинг-понга, а также с обычными бельевыми прищепками! Спортсмены должны были проявить выносливость и быстроту, внимательность и ловкость, но главное – волю к победе и командный дух. И это получилось у всех! Папы обеспечивали скорость, мамы привычно командовали и активно подбадривали своих домочадцев, при этом показывая пример ловкости, а дети и вовсе выкладывались по полной. Каждая команда была экипирована с выдумкой, подобранные костюмы не только в едином стиле и цвете, но и украсив их принтами и надписями «Папа,

мама, я – спортивная семья». Не подкачали и болельщики: вооружившись плакатами и стикерами, они поддерживали спортсменов возгласами и кричалками. Надо сказать, судейской коллегии было не просто определить призеров соревнований, поскольку все участники показали хорошие результаты. Однако распределение мест было однозначным и бесспорным.

Победителем соревнований стала семья Рушановых (ШЧ), на втором месте – Давлетовы (ТЧЭ), бронзовым призером стали Мухамедьяровы (ВЧД). Все призеры и участники награждены дипломами и ценными призами от профсоюзной организации.

Фото автора

**КАЗАХСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ**  
Бас редактор  
**Дина Муздубаева**  
Бас редактордың орынбасары  
**Меруерт Әмірзақова**

**Газет басылатын қалалар:**  
Нур-Султан, Сілеті 30  
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.  
«Хабар-Сервис» ЖШС  
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.  
«ERNUR Print» ЖШС

**Басылымның таралымы 11 340**

**Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.**

Газет шығару және тарату қызметімен  
«Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдел басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

**Кезекші редакторлар:**  
**Р. Рахметов, Р. Рахметова**

**Меншікті тілшілер:**

**Алматы:** Елена Колдасбаева 8-701-794-98-80  
**Атырау:** Қосқұлым Мұқашев 8-778-946-09-66  
**Шығыс Қазақстан:** Ольга Ушакова 8-777-203-51-87  
**Маңғыстау:** Шахида Жұманова 8-707-886-72-45  
**Орал:** Анна Панищева 8-707-910-74-17  
**Қызылорда:** Сабыржан Нәдірбаев 8-778-409-78-59  
**Семей:** Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53  
**Қарағанды:** Светлана Могай 8-777-893-66-76  
**Қостанай:** Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00  
**Павлодар:** Айдана Ертай 8-747-535-21-58  
**Ақтөбе:** Ардақ Ерубеева 8-702-843-27-97

Редакцияның мекен-жайы:  
Нур-Султан қ., Д.Қонаев көшесі 6.  
тел.: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

**Газетті тарату жөніндегі менеджер**  
**Асель Распаева,**  
тел.: 8 775 198 15 61,  
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.